

Железин аудандық мәслихатының 2021 жылғы 8 қаңтардағы "Железин ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды, пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы" № 519/6 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Павлодар облысы Железин аудандық мәслихатының 2021 жылғы 28 сәуірдегі № 23/7 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 15 маусымда № 23027 болып тіркелді

Железин аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Железин аудандық мәслихатының "Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды, пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы" 2021 жылғы 8 қаңтардағы № 519/6 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7171 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасындағы 1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын.

"1. Железин ауданында жиналыс, митинг түрінде бейбіт жиналыстарды өткізуді ұйымдастыру үшін мамандандырылған орын:

Железинка ауылы, Тәуелсіздік көшесі бойынша орналасқан Құдайберген Әлсейітов атындағы аудандық мәдениет үйінің алдындағы алаң. Жиналыс, митинг нысанындағы бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін шекті толтырылу нормасы - екі жүз адам.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Железин аудандық мәслихатының сессия төрағасы

Е. Волкова

Железин аудандық мәслихатының хатшысы

П. Лампаргер